

**ОҢТУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**«БЕКІТЕМІН»**

Басқарма мүшесі – Академиялық  
мәселелер жөніндегі проректор

А.А.Кудышева

« 2022 ж.

**2022-2023 оқу жылында қабылданған**

**6В01402 - «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім беру  
бағдарламасының**



**КӘСІПТІК ПРАКТИКА**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Шымкент, 2022**

Кәсіптік практика бағдарламасы 6B01402-Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі Білім беру бағдарламасы (Ғылыми кеңес №13 хаттамасы. 29.06.2022ж.) негізінде дайындалды.

Құрастырған:

 Испандиярова А. М.  
 Темірбаева А. К.

Бағдарлама Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

№ 1 хаттама, «29» 08 2022ж.

Кафедра меңгерушісі  Испандиярова А. М.

Факультет кеңесінде қаралып, бекітуге ұсынылды.

№ 1 хаттама, «29» 08 2022ж.

Дене шынықтыру және спорт

факультетінің деканы  Тұрысқұлов Ө. Ж.

#### КЕЛІСІЛГЕН

Білім беру бағдарламаларын әдістемелік

камтамасыздандыру бөлімінің басшысы

 мектеп директоры

 мектеп директоры



 Испандиярова А. М.

 Темірбаева А. К.

## Кіріспе

### 1. ББ туралы қысқаша сипаттама:

6B01402 – «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім бағдарламасын іске асыру, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің құрылымында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 28.08.2011 жылғы №0142692 лицензиясы негізінде жүзеге асырылады (Лицензияның әрекет ету мерзімі шектеусіз).

6B01402 – «Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау» білім бағдарламасы бойынша Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің міндеттеріне сәйкес іске асырылады, сонымен қатар, үздіксіз және жүйелі түрде білікті және бәсекеге лайық, аймақтық, сондай-ақ отандық еңбек нарығында сұранысқа ие, мемлекеттік позициясы айқын көрсетілген. Осының барлығына оқыту пәндері кезеңінің мақсаттарын іске асыру арқылы қол жеткізіледі.

- Білім беру бағдарламасының мақсаты: Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзіреттіліктерін қалыптастыру;
- білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.- озық педагогикалық технологияны меңгеру және оны тәжірибелік іс әрекетке ендіру;
  - педагогика және психология саласында ғылыми-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу.

ББ бойынша оқу нәтижелері: Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер білуі тиіс:

- ON1 – білім берудің жаңартылған мазмұнының негізгі бөлімдері бойынша білім беруді, түсінуді және интеграциялауды көрсетеді;
- ON2 – оқылатын саладағы өзара байланыс және өзара әрекеттесу ерекшеліктеріне сүйене отырып, дене шынықтыру мен спорттың отандық және шетелдік жүйелерінің білімін практикада қолданады;
- ON3 – оқушыларды сыни ойлауға, мәселелерді шығармашылық және бірлесіп шешуге тарту үшін пәнді және академиялық хатты зерттеудің құрылымын, негізгі концепциялары мен құралдарын анықтайды;
- ON4 – оқу-жаттығу процесінің тиімділігін қамтамасыз етуде ғылыми негізделген тәсілдер мен білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің әдістерін белсенді қолдана біледі;

- ON5 –таңдаған спорт түрінде іріктеу және спорттық бағдарлау жүйесін іске асыруда критериалды бағалау технологиясын қолданады;
- ON6 –спорттық-кәсіптік қызметте АКТ-ны және сандық білім беру ресурстарын пайдаланады;
- ON7 – академиялық адалдық принциптері мен мәдениетіне сүйене отырып, тұлғааралық қарым-қатынаста коммуникативтілікті, командалық жұмыста және ақпараттық мәдениетте дағдыларды көрсетеді;
- ON8 –білімгерлердің физиологиялық ерекшеліктеріне және оқытудың мақсат-міндеттеріне сәйкес инновациялық технологияларды пайдаланады;
- ON9 –индивидтің антропометриялық, физикалық және психологиялық параметрлерін анықтау бойынша заманауи әдістемелер мен диагностиканы қолданады;
- ON10 –білімгердің тұлғалық дамуын қалыптастыру мен өзінің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында өмір бойы білім алуға мән береді;

## 2. Оқу жұмыс жоспарынан көшірме

*Күндізгі*

№	Практика түрі	Кредит саны	курс	семестр	апта	қорытынды	Ескерту
1	Оқу практикасы	2	1	2	2	есеп	
2	Педагогикалық-психологиялық	2	2	4	2	есеп	
3	Педагогикалық	6	3	6	6	есеп	
4	Педагогикалық	11	4	8	11	есеп	
5	Диплом алды	4	4	8	4	есеп	

*Күндізгі жеделтетілген, Қысқартылған.*

№	Практика түрі	Кредит саны	курс	семестр	апта	қорытынды	Ескерту
1	Оқу практикасы	2	1	2	2	есеп	
2	Педагогикалық	2	2	4	5	есеп	
3	Өндірістік	4	3	6	8	есеп	
4	Диплом алды	4	3	6	8	есеп	

### 3.1 Кәсіптік практиканың түрлері, мақсат-міндеттері

*Оқу практикасы*

6B01402 – Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау мамандығының білім беру бағдарламасында оқу жоспарында 2 апталық оқу практикасы жоспарланған. 1-курста жоспарланған оқу практикасы, *оқу-танысу практикасы* деп аталады.

### ***Оқу танысу практикасы***

**Мақсаты** – Дене шынықтыру сабақтарында қимыл- қозғалыс қабілеттерін тәрбиелеудің ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін қалыптастыру.

#### **Міндеті:**

- дене шынықтыру мамандығына қатысты пәндік әдістемелік құралдарымен, спорт кешендерімен, арнайы оқу кабинеттерімен танысу;

- жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, спорт алаңдарымен құрал – жабдықтарымен жұмыс жасауға дағдылану;

- студенттердің өзіндік ғылыми- зерттеу іс- әрекетін қалыптастыру.

Оқу – танысу практикасы кафедраға берілген арнайы кабинеттерде немесе орта білім беру мекемелеріндегі (мектеп, колледж) арнайы спорт кешендерінде өту жоспарланады.

Оқу-жаттығу практикасы «Дене шынықтыру және спортты оқыту әдістемесі», «Жеңіл атлетика», «Қозғалыс ойындары» сынды пәндерден алған теориялық білімін тереңдете түсуге бағытталған. Пән бойынша алған теориялық білімін тереңдетуде, ғылыми-зерттеу, сараптау жұмысын жүргізуде, өз бетінше жаттығу жұмыстарын жүргізуде, үйренуде бұл тәжірибенің маңызы зор.

Оқу-жаттығу практикасы жоғары оқу орнының кафедралары мен зертханаларда, сондай-ақ қажетті маман-кадрлармен, ғылыми-техникалық әлеуеттермен қамтамасыз етілген өзге де білім беру ұйымдарында, жаттығу алаңдарында ұйымдастырылуы мүмкін.

#### **Оқу нәтижелері**

- мектеп ұжымы, пән мұғалімі және мектеп оқушыларымен сұхбаттасады;
- алғашқы әскери дайындық пәндер бойынша сабақтарды жоспарлайды;
- сынып оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысып, қызметтік нұсқауы және оның жұмыстарына сыни-талдайды және тексереді;
- сыныптан тыс жұмыстарды пайдаланады;
- бекітілген сыныпқа әскери- патриоттық тәрбие жұмысыңтарын жасап, сыныптан тыс жұмыстарды қолданады;

дидактикалық материалдарды іріктеп қорытындылайды.

### **3. педагогикалық-психологиялық практика**

2-курста ұйымдастырылатын психологиялық-педагогикалық практика болашақ мұғалімдерді мамандығына, кәсібіне сәйкес педагогикалық және психологиялық тұрғыдан даярлауға, студенттердің практикалық іс-әрекет түрі ретінде маңызды педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады және ол екі аптаға созылады. Студенттер алғашқы аптасында педагогикалық тапсырмаларды орындаса, екінші аптасында психологиялық тапсырмаларды орындап бағаланады.

Психологиялық-педагогикалық практика базасына:

1. жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта);
2. техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енеді.

**Мақсаты** – студенттерді дайындаудың маңызды саласы болып табылады және 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша алған теориялық білімді практикалық жұмыс дағдыларын қалыптастырумен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Болашақ дене шынықтыру пәні оқытушысының (бакалаврының) бойында кәсіптік және психологиялық дағды қалыптастыру, студенттерді орта білім беру мекемелерінде жұмыс істеу жағдайына бейімделу, олардың бойында мұғалім мамандығына деген саналы қызығушылық қалыптастыру практиканың мақсаты болып табылады.

### **Міндеттері:**

- мектеп немесе білім беру мекемесінің негізгі жұмыстарымен танысу;
- сынып жетекшісімен, сынып ұжымымен танысу және оған талдау жасау;
- сынып ұжымына зерттеу жұмысын жүргізу, сипаттама беру;
- сынып сағаттары мен сыныптан тыс шараларға қатысу және оған талдау жасау;
- сынып сағатын ұйымдастыруын бақылау;
- сыныпқа, жеке оқушыға мінездеме берудің жолдарын оқып-үйрену.

### **Оқу нәтижелері:**

мектеп ұжымы, пән мұғалімі және мектеп оқушыларымен сұхбаттасады; алғашқы әскери дайындық пәндер бойынша сабақтарды жоспарлайды; сынып оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысып, қызметтік нұсқауы және оның жұмыстарына талдау жасайды; сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырады; бекітілген сыныпқа әскери- патриоттық тәрбие жұмыстарын жасап, сыныптан тыс жұмыстарды қорытындылайды;

### **3.3 Педагогикалық**

Педагогикалық практика үздіксіз болып табылады және теориялық оқытумен қатар өткізіледі.

Мұғалім кадрларын кәсіптік тұрғыдан даярлау жүйесінде педагогикалық практика маңызды рөл атқарады.

Педагогикалық практика 2,3,4 курста жүргізіледі. Педагогикалық практикадан өту үшін жалпы білім беру (негізгі орта, жалпы орта, арнаулы білім мекемелері) мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына жіберіледі.

2-курста ұйымдастырылатын педагогикалық практика психологиялық-педагогикалық практика, ал 3-курстағы 4 апталық практика оқу-тәрбиелік педагогикалық практика, 4-курстағы педагогикалық практика педагогикалық практика деп аталады. 3-курста ұйымдастырылатын 4 апталық оқу-тәрбиелік педагогикалық практика мектеп Дене шынықтыру және спорт ұйымдастырушы-оқытушының, сынып жетекшісінің қызметін атқаруға бағытталады. Мамандықтың жұмыс оқу жоспарына сәйкес меңгерген пәндеріне орай практикантқа сыныптар бөледі, яғни бөлінген сыныпта психологиялық зерттеу жұмысын жүргізеді және сынып жетекшілік қызметті қоса алып жүреді. 4-курста ұйымдастырылатын 8 апталық педагогикалық практикалық мектеп мектеп Дене шынықтыруды ұйымдастырушы-оқытушының, сынып жетекшісінің қызметін атқаруға бағытталады (практиканттарды жоғары сыныптарға бөледі).

*3-4-курстағы педагогикалық практиканың міндеті:*

- мектептің ішкі ережесімен, пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің қызметтік нұсқауларымен танысу;
- сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- бекітілген сыныпқа психологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- жоспар бойынша бекітілген сыныпта мектеп Дене шынықтыру және спорттың ұйымдастырушы-оқытушысымен бірге ашық сабақ өткізу;
- жоспар бойынша 1 ашық тәрбие сағатын өткізу;

- сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру;
- педагогикалық практика есебін әзірлеу.

### **Мақсаты:**

жалпы ғылыми, культурологиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту мен тереңдету, теориялық білімдер негізінде педагогикалық машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.

### **Міндеті:**

- 1) педагогикалық қызметтің бастапқы практикасын игереді;
- 2) сабақ беру мен оқыту әдістемесін меңгереді;
- 3) педагогикалық шеберліктің негіздерін біледі;
- 4) оқу-тәрбие және оқытушылық жұмысты өз бетінше жүргізудің машықтары мен дағдыларына баулайды;
- 5) ғылыми-психологиялық және педагогикалық зерттеудің дағдыларын меңгереді;
- 6) әскери- патриоттық тәрбие жұмысының әдістемесін меңгереді;
- 7) оқытудың инновациялық технологияларды біледі;
- 8) оқу және тәрбие жұмысы барысында білім алушыларға олардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

### **Оқу нәтижелері:**

- мектептің ішкі тәртіп ережесімен танысып, оқушылармен қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының бағыттары және пән мұғалімінің, мектеп оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысады;
- мектепте өткізілетін педагогикалық кеңеске, алдыңғы қатарлы педагог-мұғалімдердің сабақтарына қатысады;
- жоспар бойынша сыныптан тыс тәрбие сағаттарын оқушылармен пән мұғалімімен бірлесе (сабақтарына қатысу, сабақ беру, сауалнама, әңгімелесу) жұмыс жасайды;
- тәрбие сағаттарын ұйымдастырады, 1 ашық тәрбие сағатын өткізеді;
- сыныпқа және жеке оқушыға психологиялық мінездеме жазып педагогикалық практика есебін қорытындылайды.

### **3.4 Диплом алды практикасы.**

Дипломалды практика дипломдық жұмысты орындайтын білім алушылар үшін ұйымдастырылады, ұзақтығы- 4 апта.

5B010800-Дене шынықтыру және спорттағы білім бағдарламасы бойынша диплом жұмысының тақырыбы дене шынықтыру және спорт негіздері, әскери-патриоттық тәрбие саладағы өзекті мәселелерге және «Дене шынықтыру және спортты оқыту әдістемесі» мен «Таңдаған спорт түрін оқыту әдістемесі» пәндері бойынша бағытталады.

Дипломалды практика басшылықты дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшісі жүзеге асырады. Дипломалды практиканың мазмұны дипломдық жұмыстың немесе есептің тақырыбы мен айқындалады.

Дипломалды практиканың қорытындылары Дене тәрбиесімен бастапқы әскери дайындық кафедрасының мәжілістерінде дипломдық жұмысты алдын ала қорғауда шығарылады.

Дипломалды практиканың **мақсаты** – дипломдық жұмысты (жобаны) жазудың ақталуы

Дипломалды практиканың негізгі **міндеттері:**

- дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбы бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау;

-дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау;

-дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау;

-дипломдық жұмысты немесе есепті белгіленген талаптарға сәйкес рәсімдеу болып табылады

#### 4. КӘСПТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Мерзімі	Іс-әрекет мазмұны	ұйымдастыру әдістері
<b>1. Оқу-жаттығу практикасы</b>		
1-апта 1-2-күн	Орнықтыру конференциясына қатысу; -кәсіптік практика бағдарламасымен танысу; -мекеменің ішкі тәртіп ережесімен танысу; -қауіпсіздік ережесімен танысу; -арнайы спорт кешендерімен танысу;	Конференция, әңгімелесу
3-4-күн	Дене шынықтыру және спорт пәні мұғалімінің немесе жаттықтырушының міндеттерімен танысу; -жұмыс жоспарларымен танысу; -мекеме қызметкерлерімен сұхбатжүргізу, жұмыс жүргізу тактикасын меңгеру.	танысу, әңгімелесу, тәжірибе жинақтау
5-6-күн	Оқу жаттығу түрлерімен танысу, ойын түрлері; -қозғалыс ойындары; -спорттық ойындар; -жалпы дене дайындығы	Жаттығу жұмыстары
2 апта 7-8-күн	доптық ойындар: -допты алып жүру -допты әріптестерге беру; -айып добын соғу.	жаттығу жұмыстары
9-10-күн	жеңіл атлетика: -төменгі және жоғарғы старт, старттан шығу; -қысқа, орт, ұзақ қашықтыққа жүгіру; -ұзындыққа секіру түрлері.	жаттығу жұмыстары
11-12-күн	саптық дайындық: -сапқа тұру, сап түзеу; -саптағы дене қимылдарының ерекшеліктері; -саптағы қозғалыс әрекеттері бойынша бұйыру	жаттығу жұмыстары



	командалары.	
	Күнделік толтыруды аяқтау, практикасы есебін жазу	Есеп әзірлеу
<b>2. Психологиялық-педагогикалық практика</b>		
<b>2-курс</b> 1-апта	<ul style="list-style-type: none"> <li>- орнықтыру конференциясына қатысу, кәсіптік практика бағдарламасымен танысу;</li> <li>- қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі, оның бағыттарымен танысу;</li> <li>- мектептегі мектеп пен отбасы ынтымақтастығының қызметі мен формалары. Ата-аналар жиналысын ұйымдастыру мен өткізу барысы. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесінің диагностикасын жасау;</li> </ul>	Танысу, зерттеу, талдау
2-апта	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыс жүйесінің барысын бақылау және талдау жасау;</li> <li>- алдыңғы қатарлы педагог-мұғалімдердің сабақтарына қатысу;</li> <li>- қазіргі жағдайдағы балалар мен жас өспірімдерге арналған тәрбие сағатының тақырыптары мен ұйымдастырылуын бақылау, талдау жасау;</li> <li>- мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару жүйесінің барысы туралы ақпарат жинау,</li> <li>- мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдаланудың жолдары (үйірмелер, қосымша сабақтар, т.б.);</li> <li>- мұғалім – оқушы, оқушы – оқушы, ата-ана – мұғалім – оқушы қарым-қатынасын зерттеу;</li> <li>- шағын топтағы психологиялық қарым-қатынас;</li> <li>- педагогикалық практика есебін әзірлеу.</li> </ul>	Талдау, зерттеу, бақылау, қорытындылау
<b>3. Педагогикалық практика</b>		
<b>3-курс</b> 1-апта	<p>Ұйымдастыру жұмысы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- бағыт беру конференциясына қатысу;</li> <li>- мектеп директорымен және оның оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен мектеп жұмысының дәстүрі, педагогтар мен оқушылар ұжымы туралы;</li> <li>- дене шынықтыру пән мұғалімдерімен, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды ұйымдастырушымен, сынып жетекшілерімен, дәрігерімен, медбикемен сөйлесу;</li> <li>- дене шынықтыру пәнінің оқу-материалдық базасымен танысу;</li> <li>- практикасы кезінде жеке жұмыс жоспарын жасау;</li> <li>- практикасы әдіскері өткізетін жиындарға қатысу.</li> </ul>	Танысу, әңгімелесу, сұхбаттасу, талдау

2,3-апта	<p>оқу-әдістемелік жұмыс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- дене шынықтыру жұмыстын жоспарлау құжаттарын зерделеу;</li> <li>- дене шынықтыру пәні бойынша сабақ өткізу үшін жоспар – конспект жасау;</li> <li>- бекітіліп берілген сыныпта кемінде 4 сабақ өту;</li> <li>-мектептің бастапқы әскери дайындық оқытушыларының сабақтарына қатысу;</li> <li>-оқу-көмекші процесінің жекелеген тараптарына (сабақтың бөліктері бойынша уақытты бөлу, оқушылармен қарым-қатынас жасау мәнері т.б.) педагогикалық бақылау жасау;</li> <li>-дене шынықтыру пәні бойынша көрнекі құралдар жасауға қатысу;</li> <li>-практика алмастыру мақсатында басқа базалық мектептердегі практиканттармен араласу.</li> </ul>	Сабақ жүргізу, тәрбие сағатын ұйымдастыру, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, зерттеу жұмысын жүргізу
4- апта	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жоспар бойынша бекітілген сыныпта бастапқы әскери дайындықтан сабақ өткізу және 1 ашық сабақ (бастапқы әскери дайындық, әскери-патриоттық тәрбие бойынша) беру;</li> <li>-жоспар бойынша тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және 1 ашық тәрбие сағатын өткізу;</li> <li>- сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;</li> <li>- бекітілген сыныпқа және жеке оқушыға психологиялық зерттеу жұмысын жүргізуді аяқтау, сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру;</li> <li>-педагогикалық практика есебін әзірлеу.</li> <li>- есеп беру құжаттамасын ресімдеу және қорытынды конференцияға қатысу.</li> </ul>	Ашық сабақтар өткізу, зерттеу жұмысын жүргізу, есеп әзірлеу
<b>4.Педагогикалық практика</b>		
<p><b>4-курс</b></p> <p>1,2-апта</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мектепте өткізілетін педагогикалық кеңеске қатысу;</li> <li>- мектеп ұжымы, пән мұғалімі, сынып жетекшісі мен сынып оқушыларымен танысу;</li> <li>-алдыңғы қатарлы педагог-мұғалімдердің сабақтарына қатысу;</li> <li>- бекітілген пән мұғалімі мен сынып жетекшісінің құжаттарымен танысу;</li> <li>- сынып оқушыларының жеке іс құжаттарымен танысу, талдау жүргізу.</li> </ul>	Танысу, әңгімелесу, сұхбаттасу, талдау
3,4,5- апта	<ul style="list-style-type: none"> <li>- жоспар бойынша бекітілген сыныпта бастапқы әскери дайындықтан сабақ өткізу;</li> <li>-жоспар бойынша тәрбие сағаттарын ұйымдастыру;</li> <li>-сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;</li> </ul>	Сабақ жүргізу, тәрбие сағатын ұйымдастыру, сыныптан тыс жұмыстарды

	- бекітілген сыныпқа психологиялық зерттеу жұмысын жүргізу.	ұйымдастыру, зерттеу жұмысын жүргізу
6,7,8-апта	- жоспар бойынша бекітілген сыныпта бастапқы әскери дайындық және әскери патриоттық тәрбиеден сабақ өткізу және 1 ашық сабақ беру; -жоспар бойынша тәрбие сағаттарын ұйымдастыру және 1 ашық тәрбие сағатын өткізу; - сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру; - бекітілген сыныпқа және жеке оқушыға психологиялық зерттеу жұмысын жүргізуді аяқтау, сыныпқа, жеке оқушыға психологиялық мінездеме беру; -педагогикалық практика есебін әзірлеу.	Ашық сабақтар өткізу, зерттеу жұмысын жүргізу, есеп әзірлеу
<b>5. Дипломалды практика (дипломдық жұмысты жазатындар үшін)</b>		
1-апта	Бекітілген тақырыбы бойынша материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау	Жинақтау, өңдеу
2-апта	дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау	Талдау
3-апта	дипломдық жұмыстың (жобаның) немесе есептің тақырыбы бойынша қорытындыны, заңдылықтарды, кепілдемелер мен ұсыныстарды тұжырымдау	Қорытындылау
4-апта	дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу, алдын ала қорғау	Алдын ала қорғау

## 5. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР

Кәсіптік практикасыдан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі:

№	Талап етілетін құжаттар	Бағалау
1.	Титул беті	
2.	Жолдама бөлігі (келу мен кету туралы белгісі бар, мөр басылған парағы)	
3.	Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	40
4.	Дене шынықтыру және спорт пәнінен өткен ашық сабақ талдамалары	20
5.	Ашық тәрбие сағатының талдамасы	20
6.	Практикасы есебін қорғау хаттамасы	
7.	Практикасы кезінде атқарылған жұмыстардың электронды нұсқасы CD дискіде (практикасы кезінде өткен сабақ талдамалары, тәрбие сағатының талдамалары, фото суреттері, бейне басылымдары, т.б.)	20
	<b>Барлығы</b>	<b>100</b>

## 5. КӘСІПТІК ПРАКТИКАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР

Педагогикалық практикадан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:

№	Талап етілетін құжаттар	Бағалау
8.	Титул беті	
9.	Жолдама бөлігі (келу мен кету туралы белгісі бар, мөр басылған парағы)	
10.	Практикасы күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	20
11.	Дене шынықтыру пәнін оқу-ұйымдастыру құжаттарының талдамалары	20
12.	Дене шынықтыру пәнінен өтілген сабақ талдамалары	20
13.	Ашық тәрбие сағатының талдамасы	20
14.	Психологиялық мінездеме 1 оқушыға, 1 сыныпқа	10
15.	Практикасы есебін қорғау хаттамасы	
16.	Практикасы кезінде атқарылған жұмыстардың электронды нұсқасы CD дискіде (практикасы кезінде өткен сабақ талдамалары, тәрбие сағатының талдамалары, фото суреттері, бейнебасылымдары, т.б.)	10
	<b>Барлығы</b>	<b>100</b>
<b>Оқу практикасынан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:</b>		
1.	Титул беті	
2.	Практикасы күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	40
3.	Дене шынықтыру пәнінің мақсаты мен міндеттерін білімі мен дағдысын көрсете білу.	20
4.	Дене шынықтырудан тәрбие беру бойынша түрлі аудиториядан тыс жұмыстар ұйымдастыру мен өткізу, ашық тәрбие сағатының талдамасы	20
5.	Практикасы есебін қорғау хаттамасы	
6.	Практикасы кезінде атқарылған жұмыстардың электронды нұсқасы CD дискіде (практикасы кезінде өткен сабақ талдамалары, тәрбие сағатының талдамалары, фото суреттері, бейнебасылымдары, т.б.)	20
	<b>Барлығы</b>	<b>100</b>
<b>Психологиялық-педагогикалық практикасынан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:</b>		
1.	Титул беті	5
2.	Жолдама бөлігі (келу мен кету туралы белгісі бар, мөр басылған парағы)	35
3.	Практика күнделігі (талапқа сай толтыру міндетті)	35
4.	Мектепте жүргізілген психологиялық зерттеу әдістерінің талдамалары	25
<b>Дипломалды практикасынан соң студенттерден мынадай құжаттар талап етіледі және бағалау критерийлері:</b>		
1.	дипломдық жұмыстың тақырыбы бойынша, зерттеу көкейкестілігімен мақсаты бойынша практикалық материалдарды жинақтау, өңдеу және жалпылау	20
2.	дипломдық зерттеудің тақырыбы бойынша статистикалық мәліметтері мен практикалық материалдарды талдау.	20
3.	дипломдық жұмыстың немесе есептің тақырыбы бойынша	20

	қорытындыны мен ұсыныстарды тұжырымдау	
4.	дипломдық жұмысты немесе есепті білгіленген талаптарға сәйкес ресімдеу	20
5.	Практика күнделігі мен есебін талапқа сай тапсыру	20
	Барлығы	<b>100</b>

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

**ОҚМПУ**  
**кітапх.**  
**саны**

### 1. Негізгі әдебиеттер

1	Педагогика. 2015. Әлқожаева. Н.С.	25
2	Педагогика. 2016. Дүйсенбаев. А.Қ.	35
3	Педагогика. 2014. Усманов.Ә.Ә. Сәрсенбаева.М.Б.	55
4	Дидактика. 2013. Әмірова.Ә.С.	5
5	Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. 2016. Таубаева.Ш.Т.	5
6	Педагогика. 2014. Каракулов. К.Н.	100
7	Педагогика. 2015. Дүйсенбаев. А.Қ.	20
8	Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. 2015. Асанов.Ж., Әбдіхалық.Н	10
9	Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. 2016. Жиенбаева С.Н.	10
10	Педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістері.2015. Жұмабекова.Ф.Н., Нұрғазиева.Н.М.	35
11	Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері. 2014. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М.	50
12	Әскери патриоттық тәрбие негіздері оқу құралы, 2016. Демеуов А.К.	10
13	Тактикалық дайындық Оқу құралы, 2016. Демеуов А.К.	10
14	Мамандыққа кіріспе Оқу құралы, 2016. Демеуов А.К.	10
15	Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің жалпы әскери жарғылары Лекция жинағы, 2016. Демеуов А.К.	10
16	Жалпы психология. 2014. Алдамұратов.Ә.	5
17	Психология және адам дамуы.2014. Асылханова.М.А.	6
18	Психология және адам дамуы. 2018. Үсембаева.Р.Б., Пірімбетова.С.К.,Әкімбаева. А.Ә.	10
19	Психологиялық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру. 2015. Болтаева.Ә.М.	5
20	Маклаков А.Г. Общая психология. – М., 2008	-
21	Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - СПб.: Питер, 2005	-
22	Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в психологию.- М.: Изд-во МГУ, 1996	-
23	ҚР «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 27 шілде, 2007 ж.	-
24	«Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығы	-

### 2. Қосымша әдебиеттер

1	Педагогикалық мамандыққа кіріспе. 2014. Жұмабекова.Ф.Н.	25
2	Педагог білім бағдарламасы на кіріспе. 2018. Бұлақбаева.М.К.	25

3	Педагогика тарихы. 2016. Меңдаяхова. Қ,Тайтелиева.Л.Р.	35
4	Кәсіби педагогика.2012. Дүйсембінова.Р.Қ.	28
5	Педагогикалық жүйетану негіздері.2015. Мұханбетжанова.Ә.	15
6	Арнайы педагогика 2016. Заркенова.Л.С., Омарова.Н.Н., Ильясова.Б.И.	25
7	Педагогика тарихы бойынша атлас. 2012. Коркина.В.И., Әбідина. С.К.	55
8	Арнайы педагогика және психология негіз.. 2016. Мадалиева.З.Б., Әрінова.Б.А.	5
9	Арнайы педагогика. 2016. Дүйсенбаев.А.Қ., Балтымова. М.Р	45
10	Педагогиканың қысқаша тарихы. 2013. Артемьев.А.И.	110
11	Жоғары мектеп педагогикасы.2014. Шалғынбаева.Қ.Қ., Албытова.Н.П., Сламбекова.Т.С.	25
12	Жоғары мектеп педагогикасы.2016. Бұлақбаева.М.К.	20
13	Қазіргі замандағы педагогикалық технологиялар.2014. Бөрібекова.Ф.Б. , Жанатбекова.Н.Ж.	30
14	Педагогикалық практикада студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру.2016. Балабаева.А.И.	15
15	Педагогикалық ғылыми зерттеу теориясы мен әдістемесі. 2016. Жиенбаева.С.Н.	10
16	Пәнаралық байланыс негізінде студенттердің эстетикалық талғамын дамытудың педагогикалық шарттары.2016. Дарменова.Р.А.	25
17	XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялылардың педагогикалық ой - пікірлері.2016.Байменова.Б.С	25
18	Педагогикалық сөздік. 2016. Ыбыраимжанов.Қ.Т., Қоянбаева.Г.Р	35
19	Psychology of interpersonal communication: educational manual. 2015.Kustubayeva A., Tolegenova A., Kamzanova A., Jakupov M.	40
20	Жалпы және тұлғалық психология. 2013. Бабаев.С.Б.	25
21	Психология личности. 2012. Шадрин.Н.	10
22	Тұлға психологиясы.2016. Бердібаева.С.Қ	10
23	Білім берудегі практикалық психология.2013. Балғымбаева.З.М., Ахтаева Н.С.	10
24	Тұлға психологиясы.2014. Әбеуова.И.Ә.	10
25	Саяси психология.2016. Имакова.Ғ.О.	25
26	Жоғары мектеп психологиясы. 2014. Айкинбаева.Г.К.	25
27	Қазіргі психология тарихының дамуы, жағдайы, беталысы. 2012. Ақажанова.А.Т	20
28	Даму психологиясы. 2012. Сатиева.Ш.	25
29	Психология (мектепке дейінгі кезең). 2015. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М., Жамалиева С.	3
30	Психология (методические рекомендации). 2015. Боровик Т.	3
31	Психология. 2018. Жұмасова К., Есенова Л.	3
32	Психология детей от трех лет до школы в вопросах и ответах.2015. Волков Б.С., Волкова Н.	3
33	Психология общения. Практикум по психологии. 2016. Ефимова Н.С.	3
34	Псих-я педагогического общения. 2016. Волков Б.С., Волкова Н.В., Орлова Е.А.	3

**7. Кәсіптік практика бағдарламасына 20\_\_ / 20\_\_ оқу жылында енгізілген қосымшалар мен өзгертулер:**

**1.** \_\_\_\_\_

---

2. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

және т.б.

Кәсіптік практика бағдарламасы қайта қаралып, енгізілген өзгертулер \_\_\_\_\_ кафедрасының мәжілісінде қаралды

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. Хаттама № \_\_\_\_\_

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

Енгізілген өзгертулермен келісілді:

Факультет деканы \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. Хаттама № \_\_\_\_\_